

Астана қаласы әкімдігінің «І.Есенберлин атындағы №67 гимназия» Қарттар күні мерекесіне орай өткізілген іс-шаралардың анықтамасы

2025 жылдың 19 қыркүйек күні біз ерекше қуанышқа куә болып отырмыз. Ұлтымыздың асыл мұрасы – даналықты дәріптеп, оны жас ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқан «Даналық мектебі» атты жаңа жобамыздың ашылу салтанаты өткізілді.

Бұл мектептің басты мақсаты – жас буынды рухани бай, адамгершілігі мол, елін сүйген, білімді де білікті азамат етіп тәрбиелеу.

«Даналық – өткеннің тәжірибесі, болашақтың бағдары» дейді дана халқымыз. Сол даналықты бойына сіңірген ұрпақ қана болашаққа нық қадам басады. Іс-шараға гимназиямыздың ардагер, зейнеткер ұстаздары музыка пәнінің мұғалімі Шаяхметов Қайыржан ағай, бастауыш пәні мұғалімі Рахметова Төлеу апай, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Мылтыкбаева Бакытгуль апай қонақ ретінде қатысып, дара жолындағы тәлім-тәрбиелерімен бөлісіп оқушыларымызды білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа шақырды.

Жаңа бастаманың әрбір қадамы – оқушылардың жүрегіне ізгілік нұрын сеуіп, олардың ой-санасын дамытып, ұлттық құндылықтарға баулиды деп сенеміз. Сонымен қатар, белсенді шығармашыл оқушыларымыз дана, дара тұлғаларымыздың өлеңдерін айтып, домбыра шертіп, әуезді әндерімен, қатысушыларымызды баурап алып, әдемі атмосфера сыйлады. Іс-шараның соңында қатысушыларымыз гимназиямыздың әнұраны «Есенберлин гимнін» бірге шырқап, «Даналық мектебі – болашаққа апарар жол» альбомына ізгі тілектерімен пікірлерін жазып қалдырды. Бұл жобаның ашылуы құтты болып, жас ұрпаққа жарқын болашақтың есігін ашсын!

Жоба жетекшісі: Ахметжанова Айдана Болатхановна.



https://www.instagram.com/reel/DOyKPc_jWda/?igsh=MWUwNHRpdTN5cXo0dg==

29 қазан 2025 жылы гимназия кітапханасында 1- қазан Халықаралық қарттар күніне орай “Қарты бар ел - қазыналы ел” тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрме 7-ші сынып оқушыларына таныстырылды. Көрменің мақсаты, қарттардың қоғам мен мемлекет алдындағы еңбегін құрметтеу, қарттардың асыл қадір-қасиеттерін сіңіру арқылы аталы сөздерден ғибрат алуға тәрбиелеу. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білетін ұлтымыз қарты қартайса, төрден орын ұсынып, тектілік танытқан қасиеттерін ұғындыру.



<https://www.instagram.com/p/DPEToWcCMBj/?igsh=MTlxaGVnOXD4eTVzbw=>

29.09.2025 жылы 2”з” сыныбында Қарттар күніне орай сынып сағаты өтті. Оқушылар ата әжелеріне деген жылы лебіздерін білдіріп, құттықтауларын айтты.



<https://www.instagram.com/reel/DPQdwKqDUTj/?igsh=MWlzeXclGc0ZzR0bA>

2025 жылдың 29 қазанында қарттар күніне орай гимназиямыздың 5-6 сынып оқушылары «Қария – қазына» тақырыбында сурет салды.

Сурет салудың мақсаты – оқушыларды үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу, қариялардың өмірлік тәжірибесін, даналық сөздерін бағалауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге баулу.

Іс-шараға 6 «е» сынып оқушылары белсене қатысып, өз шығармалары арқылы ата мен әже мейірімін, ұрпақтар сабақтастығын, отбасылық жылылықты сурет тілінде бейнеледі.



Үздік жұмыстар мектеп фойесінде көрме ретінде орналастырылды. Сынып жетекшісі: Ноғаева Ақмаржан

https://www.instagram.com/p/DPdTlcJjTHS/?img_index=1&igsh=cHIwdnJvdWVxanZh

2025 жылдың 30 қыркүйек күні 1 қазан – Қарттар күніне орай гимназиямызда ардагерлеріміз бен ақ жаулықты әжелерімізге арналған «Қарттарын қадірлеген ел – бақытты ел» атты мерекелік концерттік бағдарлама өткізілді. Іс-шара барысында гимназия директоры м.а. Сармантаева А.Е. ардагерлерді мерекемен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Оқушыларымыз құрметті қонақтарымызға ән мен күй, би мен өлең шеруін арнап, көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлап, ерекше әсер қалдырды.

Ардагер ұстаздар мен аталарымыз, әжелеріміз тағылымды әңгімелерімен бөлісіп, жастарға ақ батасын берді. Жылы жүзді кездесуде ұрпақтар сабақтастығының айқын көрінісі байқалды.

Бұл игі шара қарттарымызға құрмет көрсету, олардың еңбегін бағалау, жастарды үлкенді сыйлауға тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылды.



<https://www.instagram.com/reel/DPOIaUDW4f/?igsh=MXQ0Z3loYWFma2N1YQ==>